

Ембі ТЫНЫСЫ

№ 10 (26),
маусым
2019 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті



Құрметті әріптестер! Қадірлі экологтар!

Сіздерді 5-маусым – Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күнімен құттықтаймын!

Бүгінде жер қойнауын пайдаланушы компаниялардың жұмысында экология саласына үлкен мән берілуде. Еліміздің мұнай-газ саласында қызмет етіп жатқан барлық компаниялардың алдында тұрған ортақ міндет – өнім өндіру барысында қоршаған ортаға залал келтірмей, экологиялық талаптарды жүзеге асыру. Өндіріске жоғары деңгейлі технологияны енгізу арқылы кәсіпорындарда қоршаған ортаны қорғау, табиғатқа зиянды әсерді барынша болдырмау шаралары кезең-кезеңімен жүзеге асуда.

Атырау өңіріндегі жер қойнауын пайдаланушы ірі компаниялардың бірі ретінде «Ембімұнайгаз» АҚ заман талабына сай экологиялық жағдайды жоғары деңгейге көтеру мақсатында көптеген іс-шараларды қолға алып отыр. Компанияға қарасты мұнай-газ кен алаңдарына өндіріс қалдықтарын залалсыздандыру жолында қолға алынған жұмыстар бүгінгі таңда өздерінің жақсы нәтижелерін көрсетуде.

2018 жылдың қорытындысында Компания жазатайым қайғылы жағдайлардың тіркелуі бойынша нөлдік көрсеткішке қол жеткізді. Өндіріс-тегі апатты жағдайлар мен мұнай қалдықтарының төгілу салдары орын алған жоқ. Бұл – әрине, ұжымдағы бірлескен жұмыстың нәтижесі.

Осы уақытқа дейін экологиялық талаптарды сақтау барысында біраз табыстарға қол жеткіздік. Алайда, заман ағымы бір жерде тұрмайды. Уақытпен бірге талап та өзгереді. Біз заман ағымынан қалмай, өндіріске тың жаңалықтар мен өзгерістер енгізу арқылы өркениет көшіндегі компания болуды мақсат етеміз. Компанияның өркендеуі жолындағы еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін.

Құрметпен, Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның «Сауықтыруға 10 қадам» бастамасы

(Жалғасы. Басы өткен сандарда).

Жұмыс орнында болсын, үйде болсын біздің қарым-қатынастар денсаулығымызға орасан зор үлесін тигізеді.

Күшті әлеуметтік байланыстары бар адамдар, сірә, әлсізділерден ұзақ ғұмыр сүреді. Ал, әсері соншалықты күшті, оларды шылым шегу, жоғары артериялық қысым, семіздік және дене белсенділігінің болмауы сияқты қауіп факторлардың денсаулыққа әсерімен салыстыруға болады.

Жеке алсақ, күшті әлеуметтік байланыстар адам денсаулығын сақтап және сырқаттарды болдырмай, ағзаның өмірге маңызды жүйелер қызметін күшейтеді.

Дене саулығын жақсарып қана қоймай, берік байланыстар психикалық саулықты жақсартады.

Жұмыс орнында күшті әлеуметтік байланыстары бар жұмыскерлер жұмыспен қанағаттандырудың, өнімділіктің, әріптестермен қатынасудың, ұжымдық рухтың, және өзінің әріптестері мен ұйымына шы-

найы берілгендіктің жоғары деңгейлеріне ие. Әлеуметтік байланыстар сенімділік дәрежесінің жоғарлауына, ортақ мақсаттарға жетуіне, жаңа ойлармен бөлісуге әкеп соқтырады, ал ол өздігінен орындалған жұмыстың сапасы мен санын үдетеді.

Жұмыстағы әріптестермен және де басқа мүдделі жақтармен қарым-қатынас деңгейін үдету қажет. Қарым-қатынас дағдыларын жақсартатын семинарларға және оқыту курстарына көбірек қатысу қажет.

(Жалғасы келесі сандарда)



ҚАДАМ

Әлеуметтік
қарым-қатынастар

Ұлттық компания - көшбасшылар қатарында

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қазақстандық компаниялар арасындағы ашықтық рейтингі бойынша көшбасшылар қатарынан табылды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) «Эксперт РА Қазақстан» рейтинг агенттігінің «Курсив» газетімен бірлесе өткізген ашықтық рейтингінде 100 ең ірі қазақстандық компания арасынан екінші орын алды.

Рейтингке өңірлер, салалар және ел экономикасына айтарлықтай ықпал ететін, көпшіліктің қызығушылығын тудыратын 100 ірі қазақстандық компа-



ния енгізілді. «Эксперт РА Қазақстан» сарапшылары компаниялардың қаржылық және қаржылық емес ақпараты ашу сапасын зерттеді және халы-



қаралық стандарттармен салыстыра отырып, олардың қызметтерінің түрлі аспектілерін ашу деңгейіне баға берді. Бағалау 59 тармақ бойынша жүргізіліп,

5 блокқа топтастырылды: Компания туралы, Корпоративтік басқару, Тұрақты даму, Медиа коммуникациялар, Есептілік. Бағалау нәтижелері бойынша ҚМГ ықтимал 10 балл ішінен 7,9 балл алды. Бұл ретте Коммуникациялар блогы бойынша ҚМГ барлық компаниялар ішінен ең жоғары – 9,6 балл жинады.

Рейтинг нәтижелері «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ашықтығының жоғары деңгейін және барлық мүдделі тараптар ақпаратқа қол жеткізе алатынын растайды. **E**

www.kmg.kz

ҚМГ басшысы Президентпен кездесті

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасы Алик Айдарбаевты қабылдады.

Кездесу барысында Мемлекет басшысына ұлттық компанияның биылғы 4 айдың ішінде атқарған жұмыстарының негізгі қорытындылары мен алдағы жоспарлары туралы мәлімет берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа ірі инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуы, сондай-ақ, компанияның IPO-ға дайындығы жөнінде баяндалды.

Қазақстан Президенті басталған жобалардың бәрін мерзімінде аяқтауды тапсырды. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы корпоративтік басқару ісін дамыту, ұлттық компанияға білікті жас мамандарды тарту қажеттігін айтты. **E**

www.kmg.kz



«Ембімұнайгаз» АҚ-да Директорлар кеңесінің төрағасы ауысты

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен ЕМГ Директорлар кеңесінің төрағасы Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлының өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылды. Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы болып ЕМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары **Марабаев Жақып Нәсіпқалиұлы** сайланды. Қ.О.Есқазиев Директорлар кеңесі құрамында Директорлар кеңесінің мүшесі болып қала береді.

Марабаев Жақып Нәсіпқалиұлы – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

И.М. Губкин атындағы Мәскеу мұнай-химия және газ өнеркәсібі институтын «Тау-кен ісі» мамандығы бойынша бітірген (1984). Мәскеу мемлекеттік басқару университетін тәмамдаған (2002).

Еңбек жолын 1984 жылы «Комсомольскнефть» МГӨБ техникалық бөлімінің бастығы болып бастады. Кейін «Сфинкс» мемлекеттік корпорациясының коммерциялық қызметінің жетекшісі, ҚР Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінде бас инженер, ҚР Энергетика және отын ресурстары министрлігінде теңіз жұмыстары басқармасының бастығы, «Қазақстан Каспий Шельф» АҚ вице-президенті



және бас директоры, «ҚазақОйл» ҰК» ЖАҚ- инвестициялар және жаңа жобалар жөніндегі директоры, коммерциялық директоры, «ҚазақОйл» ҰК »ЖАҚ газ жобалары бойынша вице-президенті, «Қазақстан Халық Банкі» ЖАҚ Басқарма төрағасының орынбасары - Басқарма мүшесі, «ҚазТрансОйл» АҚ және «ҚазақОйл» ҰК» ЖАҚ пайдалану жөніндегі вице-президенті, «Мұнай және газ тасымалдау» Ұлттық компаниясы Бас директорының орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарушы директоры, Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В. (КПО Б.В.) ӨБК бойынша жобаларда үлестерді басқару жөніндегі өкілді органның төрағасы, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Бас директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарушы директоры, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өнді-

ру »АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, KAZENERGY Қауымдастығының Үйлестіру кеңесінің төрағасы, «North Caspian Operating Company» (NCOC B.V.) басқарушы директорының орынбасары болып қызметтер атқарды.

2019 жылдың ақпан айынан бастап «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

«Парасат», «Құрмет» ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін», «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығы», «KAZENERGY қауымдастығының 10 жылдығы» Еуропа Бизнес Қауымдастығы тағайындаған королева Виктория ордендерімен марапатталды. Сонымен қатар, ҚР Энергетика министрлігінің «ҚР мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері», Геология комитетінің «Қазақстан Республикасының кен орнын алғаш ашушы» төсбелгілерін иеленді.

Сондай-ақ, Директорлар кеңесі құрамының мүшесі Мәлік Жаңабайұлы Сәлімгереевтің өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылып, орнына **Дәулетжан Кеңесұлы Хасанов** ЕМГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Дәулетжан Кеңесұлы Хасанов Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтын «Экономист» (1993), Атырау мұнай және газ институтын «Тау-кен

инженері» (2007) мамандықтары бойынша бітірген. Еңбек жолын «Төңіз» АҚ бас бухгалтерінің орынбасары болып бастады. Кейін әр жылдары «Қазақтелеком» ЖАҚ, Құрманғазы ӨТТ бас бухгалтері, «ӨзенМұнайГаз» ЖАҚ, «ЕмбіМұнайГаз» ЖАҚ бас бухгалтерінің орынбасары, «Каспий Мұнай – ТМЕ» АҚ, «EuroAsia Group» ЖШС бас бухгалтері, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның «ЕмбіМұнайГаз» ӨФ бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, қаржы департаментінің директоры, бас бухгалтерінің орынбасары, «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ бірлескен кәсіпорындарда үлестерді басқару жөніндегі басқарушы директоры, «ТКБ ж ҰҚКБ» ЖШС-нің директоры, «Қаражанбасмұнай» АҚ президенті, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ бас директорының орынбасары, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ барлау және өндіру активтерін басқару жөніндегі басқарушы директоры, «Тау-кен Самрұқ» ҰТК АҚ экономика және қаржы жөніндегі бас директоры қызметтерін атқарды.

2018 жылдың желтоқсан айынан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Адами ресурстарды басқару жөніндегі басқарушы директор лауазымында.

«Құрмет» ордені, «ҚР Конституциясына – 20 жыл», «Маңғыстау облысының маспихатына – 20 жыл» медальдары, ҚР мұнай және газ министрлігінің Құрмет грамотасы, «ҚазМұнайГаз» ҰМК» АҚ медалімен марапатталған. **E**

Сенімді өкілдер мұнайшылармен кездесті

Қазақстан Президенттігіне үміткерлердің сайлауалды үгіт-насихат шаралары қыза түсті. Президенттікке үміткер Қасым-Жомарт Тоқаевтың республикалық қоғамдық штабы өңірімізге келіп мұнай-газ саласының қызметкерлерімен кездесті. «Нұр Отан» партиясының өкілдері сайлауалды бағдарламаның әр тармағын түсіндірді.

Президенттікке үміткер Қасым-Жомарт Тоқаевтың республикалық қоғамдық штаб мүшелері Нұртай Сабильянов, Бақтыбай Чеппеков, Бақытбек Смағұл, Зейнулла Алшымбаев, Мұхтар Макеев мұнай-газ ұжымдарымен кездесу барысында ҚР алғашқы Президенті Елбасы Н.Назарбаевтың сындарлы саясаты сабақтаса түсетініне түсінік берді.

«Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасы 3 бөлімнен тұрады. Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу. Бүгінде Қасым-Жомарт Кемелұлы – саяси ғылымдардың докторы, бес тілді еркін меңгерген тәжірибелі саясаткер және әлемдік деңгейдегі беделді дипломат. Ол еліміздің ішкі мәселелерімен бірге халықаралық жағдайды да жақсы білетінін ел жақсы біледі. Тәуелсіздіктің

алғашқы күндерінен бастап еліміздің сыртқы саясатын қалыптастыруға зор еңбек сіңірген Қ.Тоқаев 10 жыл бойы Қазақстанның Сыртқы істер министрі болып, тәуелсіз мемлекетіміздің дипломатиялық қызметінің қалыптасып, дамуына тікелей қатысты. Ол – сыртқы саясатымыздың жаңа тұжырымдамасының авторы,» - деді өз кезегінде сөз алған Республикалық қоғамдық штаб мүшесі М.Макеев.

Кездесу барысында «Доссормұнайгаз» МГӨБ «Нұр Отан» бастауыш партия ұйымының төрайымы Әсел Барахатова биылғы жастар жылы саяси тарихи оқиға сайлаумен тұспа-тұс келуін жақсылыққа балады. Жас қазақстандықтар үшін ең бастысы – сапалы білім алып, кейін жұмысқа орналасу. Сондықтан, Елбасы, жастар мен отбасы институтын кешенді түрде қолдау мемлекеттік саясаттың басымдығы болуы тиіс екенін атап өтті.

Жиын барысында Мұнайшы ардагерлер атынан Қасым-Жомарт Тоқаевтың Атырау облыстық қоғамдық штаб мүшесі Мақсым Избасов: «Біздің кандидаттың жоспарында қазіргі өнеркәсіп кәсіпорындарын жаңғырту және жаңа

жұмыс орындарын ашу, кадрларды қайта даярлау және заман талабын ескере отырып олардың біліктілігін көтеру бар. Қолжетімді баспананы қамтамасыз ету мақсатында барлық тұрғын үй бағдарламаларын бірыңғай тұрғын-үй құрылысы саясатына біріктіреді. Ол азаматтарымыздың, жоғары өмір сүру сапасы үшін мейлінше тиімді жағдайдар жасауды қамтамасыз етеді,» - деді.

«Нұр Отан» партиясының үміткеріне үгіт-насихат жүргізу негізінде, үміткердің өмірбаянымен кеңінен таныстыру мақсатында Атырау облыстық қоғамдық штаб мүшелері «Ембімұнайгаз» АҚ аппарат қызметкерлерімен де кездесу өткізді.

Сондай-ақ, кезекті кездесу «Қазақстан Республикасының кәсіподақтар федерациясы» Республикалық кәсіподақтар бірлестігінен Амангелді Сатыбалдыұлы Таспиховтың Атырау облысындағы сенімді өкілдері –Ізтұрған Баймұханов, Қылышбай Сүндетұлымен болды. Шараға «Ембімұнайгаз» АҚ аппарат басшылары мен қызметкерлері қатысты.

Кездесу барысында сенімді өкілдер мұнайшыларға ҚР Президенттігіне кандидат А.Таспихов туралы айтып, оның



еңбек адамының құқығы мен мүддесін қорғауға, лайықты еңбекке лайықты еңбекақы төлеуге, қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға бағытталған сайлауалды тұғырнамасымен таныстырды.

Айта кетейік, дауыс беру ағымдағы жылдың 9 маусымында жергілікті уақыт бойынша 07-00-ден 20-00-ге дейін өтеді. Еліміздің болашағы әрқайсымызға байланысты. Біз жетістіктерімізді талан-таражға салуға жол бермеуіміз керек. Біздің міндетіміз – әркімнің дамуы мен өсуі үшін, отбасын құруы, балаларды тәрбиелеуге бірдей мүмкіндігі бар, өз болашағына сенімді, озық, бақуатты Қазақстанды құруға ұйымшылдықпен ат салысу. **Е**

Бәрекелді!

«Ембі тынысы» - үздік ішкі корпоративті басылым

Жуырда Алматы қаласынан қуанышты хабар жетті. Оңтүстік астанада өткен XV Халықаралық PR-форумы аясында XII корпоративті БАҚ арасында Орталық Азия байқауы лауреаттары анықталды.

Медиа-байқау 10 номинация бойынша өтті: «Үздік корпоративті басылым-2019» (газет, журнал, интросайттар арасында), «Үздік Content» (газет, журнал), «Үздік дизайн» (газет, журнал), «Үздік интросайт», «Үздік ішкі корпоративті журнал», «Үздік ішкі корпоративті газет», «Үздік сыртқы корпоративті газет», «Үздік сыртқы корпоративті журнал», «Үздік салалық басылым», «Байқаудың арнайы сыйлығы» (қазылар таңдауы).

Соның ішінде «Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті – «Ембі тынысы» «Үздік ішкі корпоративті газет» номинациясы бойынша жеңімпаз деп табылды.

Шыға бастағанына бір жыл ғана толған газеттің осынау жоғары бағаға ие болғаны үшін қуаныштымын. «Ембі тынысы» корпоративті газетінің алғашқы номері 2018 жылдың мамыр айында электронды форматта шықты. Ал, биыл қаңтар айынан бастап қағаз түрінде шыға бастады. Компанияның тынысы, өндірістік жаңалықтарын жариялайтын газетіміздің аз ғана уақыттың ішінде тұрақты оқырмандары пайда болды. Материал тапшылығын сездірмей, өздерінің қызықты әңгімелерімен, еңбек тәжірибесімен бөлісуге әрдайым дайын әріптестерге, оқырмандарымызға алғысымызды білдіреміз! Биыл қазақ мұнайының «қарлығашы» саналатын Қарашұңғұл кен алаңына 120 жыл толғалы отыр. Осы жетістігіміз аталған мерекеге үлкен тарту болып отыр, - деді форумға қатысқан «Ембімұнайгаз» АҚ қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА.



Айбек ИБРАШЕВ, «Доссормұнайгаз» МГӨБ әлеуметтік саясат бөлімінің басшысы:

Газет – ішкі байланыс құралы

- Шын мәнінде әрбір корпоративтік басылымның көздегені – ұжымшілік байланысты қалыптастырып, оның дамуына жол ашу. Осы мақсатта оқырмандарына жол тартқан «Ембімұнайгаз» АҚ-ның корпоративті басылымы «Ембі тынысы» газеті өзінің жарыққа шыққанына 1 жыл уақыт болмаса да, мұнайшылар іздеп жүріп оқитын ақпарат құралына айналды десем артық болмас. Газеттің шығармашылық ұжымы осы кезеңде айтарлықтай табысқа қол жеткізді. Жақында, республикалық сайыста өзге корпоративтік басылымдардың арасынан оқ бойы алға шыққан «Ембі тынысы» газеті жоғары марапатқа ие болды. Газеттің шығармашылық ұжымын осы

жоғары марапатпен құттықтаймыз. Шығармашылық табыс тілейміз!

Газеттің әр шығарылымы бір-біріне ұқсамайтын, ерекшелігімен құнды. Өзіме оқырман ретінде алғашқы 2-3 беттеріндегі ресми ақпараттың таралымы ұнайды. Ел жаңалығы, жаңа тағайындаулар, Компанияның басты жаңалықтары (өндіріс жаңалықтары) туралы қысқа да нұсқа ақпараттар легімен алдымен танысамын. Сосын соңғы беттердегі тарихымыз туралы сыр шертетін циклді материалдар да құнды.

Биыл Ембі өңірінің киелі мекені – Қарашұңғұл кенішіне 120 жыл. Осы орайда Компанияда ауқымды жұмыстар қолға алынып жатыр. Қайда, қашан деген айдармен берілетін ұжымшілік қолға алынған жұмыстар, олардың ұйымдас-тырылуы туралы кеңінен баяндалған шолу материалдар да бізге қызықты. Өзге басқармаларда жүзеге асып жатқан іс-шаралар туралы да дер кезінде ақпарат алып отырамыз. Қысқасы, «Ембі тынысы» газеті ембілік мұнай-

шыларға ақпараттық-танымдық бағытта мол мәліметтер ұсынып отыр.

Газетте мұнайшылар әулеттері туралы ұмытылмай жазылып тұрса деген ұсынысымыз бар. Тарихты біз ешқашанда ұмытпауымыз керек. Заман талабына сай жаңалық-өзгерістер өмірімізге батыл еніп жатыр. Қуанышты жәйт, әріне. Бүгінгі заманның бағыты мен кешегі тарих беттері қатар өрбісе нұр үстіне нұр болар еді.

Амангелді СҮЛЕЙМЕНОВ, «Жайық-мұнайгаз» МГӨБ басшысы:

Мұнайшылардың үнжариясы

- «Ембі тынысы» газеті әрине, мұнайдың астанасы аталып жүрген облыста мұнай өндірісі саласына арналған басылым болуы қажеттілік деп санаймын. Себебі, республикалық, облыстық басқа басылымдардың өндіріс тақырыбын кеңірек қамтып жаза беруге мүмкіндігі шектеулі екені түсінікті. Демек, басқа сала қызметкерлері сияқты мұнайшылар да өздерінің кәсіби үнжариясы болғанын қалайды.

Осы орайда, жарық көріп келе жатқан «Ембі тынысы» апталығы көпшіліктің қалауынан шығып, дер мезгілінде қолға алынған игілікті іс деп ұғынудамыз.

Газет бетінен Компанияға қарасты мұнай-газ өндіруші басқармаларының еңбек тынысын, осы саладағы озық технология жаңалықтары мен жетістіктерді оқып, хабардар болып келеміз. Мұнайшылардың тұрмыстық жағдайы, әлеуметтік қамту мәселелері жүйелі жазыла бастады. Газеттің оқырмандары алдындағы беделі тек қана мұнай өндірісімен шектеліп қалмай, әртүрлі тарихи-танымдық материалдарды жүйелі жариялап отыруымен биіктей түсуде. **Е**

Балалар байқауының қорытындысы жарияланды

Жыл сайын 1-маусым-Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында «Ембімұнайгаз» АҚ өз қызметкерлері балаларының арасында «Менің бақытты балалық шағым» атты байқау ұйымдастырып келеді. Биыл бұл байқау «Қазақстан мұнайының – 120» жылдығына арналды.

- Компанияның миссиясы мен құндылықтары аясында жұмысшылардың еңбегі, демалысы және денсаулықтарын сақтау бағытында қауіпсіз және қолайлы жағдайлар жасалуда. Ембілік мұнайшылардың балалары медициналық сақтандыру жүйесімен қамтылып, жыл сайын жұмыс беруші есебінен жазғы лагерьлерде демалады. Шығармашылықтың балалардың жан-жақты дамуы үшін маңыздылығын ескере отырып, Қазақстан мұнайының 120 жылдығына орай осы байқауды ұйымдастыруды жөн көрдік. Мұнда олар еліміздің мұнай-газ саласының өткені, бүгіні мен болашағы туралы өз ойларын келтіріп, ата-аналарының ел экономикасының дамуына қосып жатқан үлестері туралы бала тілімен баяндауға мүмкіндік алады. Кішкентай ембіліктердің бұл байқауға белсене атсалысқаны қуантады. Алпысқа жуық шығармашылық еңбектің ішінен үздіктерді анықтау қазылар алқа-

сына оңайға түскен жоқ, - деп «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ балаларды мерекемен құттықтап, ізгі тілектерін арнады.

Айта кетейік, аталған байқауға 52 бала қатысып, алпыстан астам еңбек түсті. Түскен еңбектерді саралап, үздікті анықтау мақсатында жасақталған қазылар алқасы құрамына заң, аудит және активтер, геологиялық барлау жұмыстары департаменттерінен, әлеуметтік саясат және жаңа техника мен технология, қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаменттерінен, Кәсіподақ комитеті мен «Жас мамандар» кеңесінің басшылығы, Қоғаммен байланыс қызметінің мамандары кірді. Қазылар алқасы екі күн бойы байқауға түскен еңбектерді мазмұндарына қарай саралап, қорытындысын шығарды.

ЕМГ қызметкерлері балаларына арналған мерекелік шара аясында Компанияның интерактивті мұражайына саяхат ұйымдастырылып, байқауға барлық қатысушылардың еңбектерінен көрме жасақталды. Акт залында өткен жүлдегерлерді марапаттау шарасында мерекеге арнайы түсірілген бейнефильм көпшілік таныстырылып, компания қызметкерлерінің талантты балалары концерттік бағдарламасын ұсынды. **Е**



«МЕНИҚ ТУҒАН ӨЛКЕМ – МҰНАЙЛЫ ӨНІР» номинациясы бойынша:

4-9 жас аралығы:

- I орын - Ұлжан Есберген (бейнеролик);
- II орын – Бекзада Бауыржанқызы (сурет);
- III орын - Алина Сүлейменова (сурет).

10-15 жас аралығы:

- I орын – Әйгерім Халел (бейнеролик);
- II орын – Дамира Сәндіжан (эссе);
- III орын – Жанель Ермек (сурет).

«МЕНИҚ ӨКЕМ/АНАМ – ЕМБІ МҰНАЙШЫСЫ» номинациясы бойынша:

4-9 жас аралығы:

- I орын - Жанель Амангелді (сурет);
- II орын – Айару Жоламанова (бейнеролик);
- III орын –Шыңғыс Назар (эссе, сурет).

10-15 жас аралығы:

- I орын – Зарина Нұрғали (эссе, бейнеролик);
- II орын – Камила Тілекбай (эссе);
- III орын –Арайлым Ерболқызы (шығарма, сурет).

«ЕРТЕҢГІ МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНЫҢ КЕЛБЕТІ» номинациясы бойынша:

4-9 жас аралығы:

4-9 жас ерекшелігі бойынша жұмыстар түспеді.

10-15 жас аралығы:

Бұл номинация бойынша түскен еңбектерде жүлделі I және III орынға лайықты жұмыстар анықталмады. Сол себепті, II орын ғана иесіне берілді.

- II орын – Айғаным Дулатқызы (шығарма, сурет).

Ынталандыру сыйлығы:

4-9 жас аралығы:

- Ернұр Жаңабай (сурет);
- Іңкәр Ернұрқызы (сурет).

10-15 жас аралығы:

- Мақпал Айтжан (сурет);
- Камила Сейтқали (сурет);
- Дана Дулатқызы (шығарма, сурет);
- Меруерт Құлмағанбет (сурет);
- Гүлназ Қайратова (шығарма, сурет).



Колледж даңқты мұнайшы есімімен аталады

22 мамыр күні Құлсары қаласында Жылыой мұнай технологиялық колледжінің 55 жылдығына және оған қазақтан шыққан тұңғыш инженер-мұнайшы Сафи Өтебаевтың есімінің берілуіне орай салтанатты шара өтті.

Салтанатты шараға Жылыой аудандық әкімдігінің, ЕМГ-нің, облыстық және аудандық білім беру бөлімдерінің, С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ институтының, «Атамекен» Атырау облыстық кәсіпкерлер палатасының өкілдері, облыстық колледждер басшылары, С.Өтебаевтың туыстары, аталған оқу орнының ұстаздары мен студенттері қатысты.

- Сафи Өтебаев Құлсары, Комсомол, Прорва, Кеңқияқ, Қаратон, Мұнайлы, Жетібай және Өзен кен алаңдарын алғаш ашушы мұнайшылардың бірі болып табылады. Ол еліміздің мұнай-газ саласының дамуына өлшеусіз үлесін қосты. Бүгінде Ембі мұнайшылары осы сара жолды: ресурстық базаны толықтыру, ел экономикасының мүддесі компания жұмысшыларының әл-ауқатын жақсарту үшін мұнай мен газды тиімді өндіруді қамтамасыз ету, өндірісті цифрландыру мен жаңа технологияларды енгізу бағытындағы жұмыстарды абыроймен



жалғастырып келеді. Компания студенттердің өндірістік тәжірибесін ұйымдастырып, дуалды оқыту бағдарламасын жүзеге асыру арқылы отандық мұнай-газ саласы үшін білікті мамандарды дайындауда үлкен үлес қосып келеді. Тек Жылыой мұнай технологиялық колледжімен арадағы серіктестік аясында ЕМГ кен алаңдарында жыл сайын 40 студент өндірістік тәжірибеден өтеді. Дуалды оқыту бағдарламасы аясында 2015-2018 жылдар аралығы мен 2019 жылдың 1-тоқсанында 97 тәлімгер өндірістік алаңдарда оқудан өтті. Тесттік сынақ кезінде жоғары балл жинақтаған 40 студент Компанияға жұмысқа қабылданды, - деп атап өтті ЕМГ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаменті директорының орынбасары Фибрат АУҒАНОВ.

Салтанатты шара аясында колледж ғимараты мен мамандықтарға сай жабдықталған сынып бөлмелеріне экскурсия ұйымдастырылып, Сафи Өтебаев мұражайы ашылды. Сонымен қатар, аудандық мәдениет үйінде салтанатты жиын және ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

(Сафи Өтебаев туралы көлемді материалды газетіміздің келесі сандарынан оқи аласыздар). **Е**

Конференция

«Атырау-гео 2019»: век нефти еще не закончился

23-24 мая в Атырау состоялась V юбилейная конференция «Атырау-гео – 2019», организованная Казахстанским обществом нефтяников-геологов при поддержке Комитета геологии и недропользования Министерства индустрии и новых технологий РК и ассоциации «KAZENERGY».

Главной темой конференции выступила «Разведка неглубокозалегающих нефтегазовых толщ Казахстана». Президент Казахстанского общества нефтяников-геологов Балтабек КУАНДЫКОВ объяснил, что в предыдущие годы на конференциях обсуждались актуальные вопросы по исследованию и проведению геологоразведочных работ в глубоководных толщах Прикаспия.

- В этом году исполняется 120-лет казахстанской нефти. Сегодня развивая крупные проекты, мы не должны забывать об исторических месторождениях Эмбы, Тургай, Мангышлак и Бузачи, на которых была заложена основа нефтегазового комплекса Казахстана. Поэтому в программе конференции много докладов по вопросам геологии и геологоразведки надсолевых месторождений, технологий проведения исследований и разработки высоковязких нефтей и месторождений на поздней стадии разработки, - отметил в приветственном слове Б. Куандыков.

Заместитель акима Атырауской области Айбек КРАМБАЕВ поздравил собравшихся с отмечаемым в текущем году 120-летием казахстанской нефти и высоко оценил заслуги отечественных геологов, благодаря которым на текущий момент 52% добываемой нефти в республике приходится на Атыраускую область. По его словам, 28 недропользователей в регионе в 2018 году добыли более 47 млн тонн нефти и 23 млрд тонн попутного газа.

Заместитель председателя Ассоциации «KAZENERGY» Узакбай КАРАБА-

ЛИН в докладе «Ключевые тренды мирового нефтяного рынка» опроверг пессимистичные прогнозы известных аналитиков об окончании «нефтяной эпохи», одним из которых был Герман Греф.

- Думаю, что сегодня Герман Оскарович предпочел бы забыть о своем прогнозе (с улыбкой). С тех пор, цены на нефть выросли в несколько раз, а спрос на нее продолжает расти. Вопреки трагическим предсказаниям, согласно недавнего долгосрочного прогноза BP, потребность в нефти сохранится до 2040 года и вырастет с 4,5 млрд до 5 млрд тонн. По данным международной организации товаропроизводителей, к этому времени число традиционных автомобилей вырастет от 1 млрд до 1,5 млрд единиц, что несопоставимо с 300 миллионами единиц электромобилей к 2040 году. При этом, по данным Международного энергетического агентства доля легковых автомобилей составляет только 27%, остальное – грузовая техника, авиация и судоходство, которым в ближайшем будущем пока нет альтернативы, - отметил У. Карабалин.

Он также отметил увеличивающийся спрос нефти в развивающихся странах. Барьер был окончательно преодолен в 2014 году, когда потребление нефти развивающимися странами превысило все объемы стран, входящих в ОЭСР, и с тех пор данный показатель вырос в 1,5 раза. На текущий момент Китай перерабатывает нефти в месяц - 54 млн тонн, против 36 млн тонн 5 лет назад. Месячный показатель импорта нефти вырос сегодня до 40 с лишним млн тонн против 26 млн в недавнем прошлом. Сегодня Китай и Индия в совокупности закупают извне порядка 14 млн. баррелей в сутки, что составляет 28% от общемирового физического импорта нефти в сутки.

Среди других трендов – рост влияния доли национальных нефтегазовых компаний в мире, укрупнение транснацио-

нальных компаний, улучшение ситуации с инвестициями в добывающий сектор мирового нефтегазового комплекса.

Вице-министр энергетики РК Махамбет ДОСМУХАМБЕТОВ от имени министра и себя лично поздравил собравшихся с 10-летием Казахстанского общества нефтяников-геологов, которое за эти годы провело большую научную и образовательную работу для развития отечественной геологоразведки.

- Сегодня Казахстан занимает 12-е место в мире по разведанным запасам нефти. В прошлом году мы достигли рекордного уровня по добыче нефти в 94,1 млн тонн. В 2025 году годовой объем добычи должен превысить 100-миллионный рубеж. Насущностью потребностью остается увеличение масштабов геологического изучения и повышение эффективности геологоразведочных работ. В 2009 году была инициирована работа по комплексному изучению нефтяных бассейнов РК и анализу имеющихся геологических данных. С учетом этой работы в настоящее время АО «Национальная Компания «КазМунайГаз» проводит масштабную работу по бассейновому моделированию, которая охватит наиболее перспективные территории Прикаспия, Мангышлак, Устюрт Бузачи и Южного Тургай. В планах у национальной компании также реализация проектов по бурению глубоких скважин, до 6 тысяч метров на месторождениях Узень и Карамандыбас и площади Каратон. Я считаю, это правильное решение, - отметил М. Досмухамбетов.

В ходе конференции «Атырау-гео 2019» с докладами выступили геологи ЭМГ – старший геолог отдела геологии департамента геологоразведочных работ Жулдыз АРЫКБАЕВА («Поиск нефти и газа в триасовых отложениях. Опыт АО «Эмбаунайгаз» - открытие месторождения Уз Северный». Авторы: Арыкбаева Ж.А., Тасеменов Е.Т.) и начальник

отдела геолого-гидродинамического моделирования департамента геологии и разработки месторождения Ерлан МУКАНОВ («Современные методы извлечения запасов нефти на месторождениях АО «Эмбаунайгаз» на поздних стадиях разработки»).

В рамках программы конференции, состоялась экскурсия участников в Центр визуализации производственных процессов ЭМГ. В ходе экскурсии по Центру визуализации участники познакомились с работой системы «Интеллектуальное месторождение» в Компании и получили подробные ответы на интересующие их вопросы. Вторым объектом посещения стал интерактивный музей ЭМГ, где участники посредством современных цифровых технологий получили информацию о первых поисковых работах и добыче нефти на территории Эмбы, исторических и современных маршрутах транспортировки нефти, трудовых подвигах эмбинских нефтяников в годы Великой Отечественной войны, старых и новых технологиях, применявшихся в добыче нефти и газа в РК и в АО «Эмбаунайгаз», современном периоде деятельности Компании, Медиа-центре и другую информацию в цифровом формате. **Е**



Қазақ мұнайының бастауы

Қазақстанның Батыс аймағы қазба байлықтарға бай екендігі сонау XVIII ғасырда-ақ белгілі бола бастады. Сол кезде-ақ патшалы Ресей өз ғалымдары мен саяхатшыларын Қазақстанға бағыттап, оның жерасты байлықтарын зерттеуді негізгі мақсат етіп алды. Әсіресе, бұл саясат Кіші жүз қазақтары Ресей империясына «қосылғаннан» кейін үдей түсті. XVIII ғасырдың 50-ші жылдарынан кейін-ақ қолайлы кезең туды деп есептеген патша үкіметі ғылыми экспедицияға дайындалды. Сөйтіп, алғаш ғылыми экспедиция 1768-1774 жылдары М.В.Ломоносовтың жасаған жоспары бойынша ұйымдастырылып, оның құрамына сол кездегі белгілі табиғат зерттеушілері И.И.Лепехин, С.Г.Гмелин, И.П.Фалык, И.Г.Георги, т.б. мүше болды. Олар Еділ МЕН Жайық өзендерінің аралығын зерттеп, Солтүстік Каспийдің геологиялық құрылысының жалпы негізгі мағлұматын берді. Кейінірек осы аралықты 1820-1840 жылдары зерттеген Э.В.Эверсман, Г.С.Карелин, А.Г.Гумбольд, М.И.Иванин, т.б. ғалымдардың пікірлерін дамытып, жер қойнауында мұнай-газдың бар екендігін анықтады. Орыс саяхатшылары мен ғалымдары басты назарын Солтүстік Каспий ойпаты мен Жайықтың Бұхар бетіне аударды. Осы кезеңде Бұхар беттегі «әулие» оттар туралы хабарлар көпке белгілі болды. Әулие оттармен жергілікті қазақтар бұрыннан таныс болғанымен, оны пайдалана бастаған уақыты мұрағат деректерімен – XIX ғасырдың басына тұстас келді. Нақтылай түссек, Атырау облысындағы Мәтенқожа мекені «әулие» оттарды пайдаланудың алғашқы ошағы болып табылады. Мәтенқожа мекені Ойыл өзеніне жақын жердегі Бүйрек және Тайсойған құмдары аралығында, Калмыковтың оңтүстік шығысында 100 шақырым жерде орналасқан. Қазақ молдасы Мәтен XIX ғасырдың бас кезінде-ақ жергілікті халыққа мұнайды пайдаланудың жолдарын үйреткен. Одан арғы жерде, сондағы тұрғын қазақтар мұнайды керегінше пайдаланған. Қазақтар құдық қазып, жердің не судың үстіне шығып жатқан мұнайды алып, өз

пайдасына жұмсаған. Бірақ, жергілікті халық оны кәсіп қылмай, тек түйе малының қотырына, адамның іші ауырғанда ғана ем үшін пайдаланған.

Міне, осындай «әулие» оттардың хабарын естіген патшалы Ресей оны игеруге асықпады. Себебі, бұл уақытта олар 1806 жылдан бері Баку мұнайын «тонау» үстінде болатын. Ал, Орал облысындағы мұнайлы ауданның Бакуге қарағанда жақын екендігіне қарамастан, болашағы белгісіз еді. Дегенмен, Ресей өз ғалымдары бұл ауданды да назарынан тыс қалдырмады. Бұрынғы зерттеушілердің ізімен келген географ, тау-кен инженері Н.А.Северцов және Борщев 1857 жылы Орал облысында мұнай мен газдың мол екендігін хабарлады. Олар өздерінің 1860 жылы тапсырған есебінде қазақ даласының батыс бөлігіне назар аудару қажеттігін ескертті. «Геологиялық зерттеу» атты 1857 жылы шыққан кітабында Н.Северцов Ембіде мұнай қорының бар екендігін айта келіп, оны өндірудің және тасымалдаудың қиын екендігін жазды.

1874 жылы тау-кен инженері Д.В.Кирпичников Каспий теңізінің Солтүстік-Шығыс жағалауы және Ембі өзені айналасындағы тұзды көлдермен мұнай кен орындарын зерттеп, Қарашүңгіл, Иманқара, Доссор жөнінде өз пікірлерін білдірді. «Әсіресе, осы аталған үш мұнай кен орнының ішінен Доссор мұнайының көптігімен ерекшеленеді. Бірақ, су мен жол қатынасының жоқтығы оны игеруді қиындата түседі», - деп атап көрсетті. Бірақ, Д.В.Кирпичниковтың еңбегі, құнды пікірлері елеусіз қалдырылды. Тек 12 жылдан кейін, яғни, 1886 жылы Жайық-Ембі аралығына тау-кен инженері К.Н.Новиковский жіберілді. Ол Ембінің Солтүстік Мәтенқожа, оңтүстіктегі Доссор, Ескене, Қарашүңгіл, жерлерін тексеріп, аталған кен орындарына зерттеу жүргізді.

Батыс Қазақстандағы кен орындарын өнеркәсіптік барлау алғаш Түркістанға теміржол салудың жолдарын іздестіруден бастады. Сөйтіп, 1890 жылдан бастап мұнай кен орындарына берілген бұрынғы зерттеулер қайтадан



тексеруді қажет етті. 1892 жылы Рязань-Орал теміржолы қоғамы мен геологиялық комитеттің тапсырмасымен келген экспедиция геолог С.Н.Никитиннің басшылығымен алғаш рет кен орындарының құрылысын анықтау үшін барлау жұмыстарын жүргізді. Ұңғымаларды қолмен бұрғылау нәтижесінде Доссор, Ескене және Қарашүңгілде 12 мұнай ұңғымасы тереңдігі 7-9 метрге дейін жететіндігі анықталды. Бұл ұңғымаларда мұнай атқыламағанымен, оның иісі ғана сезілді. Міне, осы хабар Ресей өнеркәсіп иелеріне де жетті.

Соның нәтижесінде 1892 жылы Доссорға, ал, 1894 жылы Қарашүңгілге байланысты іскер адамдардың алғашқы мәлімдемелері жинақталды. Сөйтіп, жекелеген іскер топтар бұл іске араласа бастаса, патшалы Ресей үкіметі бұрғылау-барлау жұмыстарының аяқталуын күтті.


1892 жылы Лебедев Доссорда мұнайдың көптігі жөнінде мәлімдеме жасады.

1894 жылды 1-ші мұнай серіктестігі ұйымдастырылды. Оны басқару Леманға жүктеліп, Ембі ауданының Доссор, Қарашүңгіл сияқты кен орындарында мұнай іздеу және барлау үшін 3 жылға келісімшарт жасады. Осы жылдың мамыр айында бұдан басқа да жерлер Леманға белгілі уақытқа дейін жалға берілді. Л.Н.Леман 1890 жылдан Петербургте Орал облысында мұнай іздеу және кен орындарын салу ісін жүргізе бастады. Осы қоғам ең алғаш рет Гурьевте 1898 жылы өз жұмысын бастады. Мекеменің басты міндеті Жайық-Ембі аймағындағы мұнай кен орындарындағы өзгерістерді дер кезінде Орталыққа хабарлап тұру еді. Леман ұйымдастырған серіктестіктердің қоры ½ млн. сом болатын, ал, осы қаржы барлық қажетті жұмысты қамти алмайтын. Сондықтан, өз қаржысын көбейту барысында Леман 1908 жылы өнеркәсіп иесі, капиталы 800 мың сомды құрайтын И.И.Стахеевпен бірігіп, «Ембі-Каспий» қоғамын құрды. Осыдан кейін Леман 1909 жылы Ресей үкіметінен мұнайды барлау шетел азаматтарына беру құқығына ие

болды. Соның нәтижесінде 1909 жылы алғаш рет Гурьевке «Желл» атты ағылшын серіктігінің өкілдері профессор Истеннің бастауымен келіп, мұнайлы ауданның бір бөлігін сатып алды.

Леман Жайық-Ембі ауданында мұнайдың үлкен қоры бар екендігін дәлелдеді. Оның басшылығымен 1899 жылы 18 қарашада Қарашүңгілдегі №7 ұңғымада 40 метр тереңдіктен мұнай фонтаны атқылап, тәулігіне 12-25 тонна мұнай бере бастады. Бұл Қазақстан жеріндегі тұңғыш мұнай фонтаны еді. Қарашүңгіл мұнайы өзінің химиялық құрамы, сапасы жағынан Баку мұнайының әлдеқайда сапалы салмағы жеңіл, майы көп деп есептелінді. Ең бастысы бұрғылау жұмыстарын жүргізгенде 37, 109, 126, 148 метр тереңдіктен мұнай көріне бастады. Әрі тайыз, әрі сапалы мұнайдың табылуы туралы хабар талай іскер адамдардың назарын аударды. Сол кезде Қарашүңгіл Жайық-Ембі ауданындағы ең бай және жұмысшысы көп кәсіпшілік болып саналды. Мұнай фонтаны атқылаған кезде Н.Н.Леманның қарамағында 89 адам еңбек етсе, оның 40-ы қазақ болатын. Қарашүңгілдің осы кездегі жағдайын ауданға экспедиция құрамына келген Н.Г.Чернышевскийдің баласы М.Н.Чернышевский жазған. Бұл экспедиция 1899 жылы тамыздың II жартысында ұйымдастырылған болатын. Оның құрамына М.Н.Чернышевскийден басқа әскери-инженер В.К.Фельдт, инженер С.В.Трубецкой т.б. кірген. Олар 24 қыркүйекте Индер көлінің жағалауына жақындап, Бай-Мөңке елдімекенінің үстінен өтіп, Грум-Гржимайло, т.б. басқаратын Ембі-Закаспий бірлестігі орналасқан Қошқар көлге келіп тоқтаған. М.Н.Чернышевский өз күнделігінде: «Біздер мұнай іздеуді 1899 жылы бастадық. 2 дюймдік / 1 дюйм = 0,0254 м / скважинада 4 татар жұмысшысы және 1 десятник еңбек етуде» - деп жазды. Сөйтіп, экспедиция мүшесі М.Н.Чернышевский Қарашүңгілдің қазақ даласындағы алғаш мұнай кен орны екендігін дәлелдеді. **Е**

(Ә.Мұхтар, «Қазақ мұнайының тарихы»)




Мұражай - тарих айнасы

аймағындағы 4D көзілдіріктердің сапасын оданда жақсартса деген ұсыныс бар.

Гүләйым УАЛИЕВА, еңбек қатынастары және кадрларды әкімшілік-тендіру бөлім бастығы:

- Интерактивті мұражай «Ембімұнайгаз» орталық кеңсесінің ғимаратында орналасқаны ыңғайлы.

Өріптестеріммен мен ең заманауи технологияларды пайдалана отырып құрылған біздің мұражайымызға бардым және мұражайды құру бойынша бірлескен жұмысымыздың нәтижесін көріп, қуаныштымын.



Мұражайда Компанияның өзі, сондай-ақ, тұтастай алғанда мұнай аймағының қалыптасуы мен дамуы туралы ақпарат, белгілі мұнайшылар, еңбек ардагерлері, өндірістің өндірушілері мен еңбек әулеттері туралы ақпарат жинақталған. Біздің компания болашаққа сеніммен қарап, сонымен бірге өткенді ұмытпайтынына өте қуаныштымыз.

Софья АЛИЕВА, жетекші аудармашы:

- «Ембімұнайгаз» АҚ мұражайы заман талабына сай жасақталып, көптеген деректермен, ақпараттармен то-



лықтырылған. Мұнайдың алғаш пайда болған кезінен бүгінгі дамудың ең жоғарғы сатысында өндіріліп, тасымалданып жатқан кезеңіне дейінгі уақыт аралығында пайдаланылған жабдықтар, тасымалдау құралының қызметін атқарған көліктер жөніндегі мәліметтермен кеңінен қамтылған. Сол мұнайды өндіруге бел шеше атсалысқан, мұнай өнімі арқылы ел экономикасының дамуына үлес қосқан тұлғалардың өмір деректері толық қамтылған. Мұның келешек ұрпақ үшін берері, әрине, мол. Биыл ашылғанына бес жыл болып отырған интерактивті мұражайды көруге шақырған қоғаммен байланыс бөліміне ерекше ризашылығымды білдіремін. Мұражайдың әлі де дамып, қорларының жаңаланып, көркейюіне ат салысуға дайынбыз.

Әнуарбек КАРИМОВ, келешекте дамыту департаментінің директоры:

- Жалпы алғанда, «Ембімұнайгаз» мұражайы – тек мұнайшылар үшін ғана емес, оны өндіру, өңдеу және тасымалдау жұмыстарымен айналысатын адамдар үшін де қызықты нысан. Әрине, мұражайымызда мұнайдың қандай жолдар мен қабаттардан өтіп, жер бетіне шыққанынан бастап, оны мұнайшылар тауып өндіре білуі туралы алғашқы мәліметтерден бастап барлық деректер бар. Сонымен қатар, мұнай өнеркәсібінің дамуы, әсіресе Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тарихи фактілер мен оқиғалар келтірілген. Тарихи оқиғаларды визуализациялау үшін жаңа технологияларды ұсынатын мұражайдың интерактивті бөлігі де бар. Қазақстанның мұнай өнеркәсібіне өз үлестерін қосқан тұлғалар туралы мәліметтерді деректер қорынан көріп қуандым.

Мұражайдағы мұрағаттық материалдардың, тарихи маңызды құжаттардың, ескі жылдардағы кейбір экспонаттардың өндірісте пайдаланылатын жабдықтардың дамуын (ескі сорғылар мен олардың айырмашылығын көрсететін жаңа сорғылар) дамыту эволюциясын көруге болады.

Ал, өндірістік құрылымдық бөлімшелер қызметкерлері үшін вахтааралық демалыс кезінде мұражайды тамашалау үшін қоғаммен байланыс қызметінің маманы А.Хаменоваға (байланыс нөмірі – 21-353, 99-34-80, электронды пошта - A.Khamenova@emg.kmgp.kz) хабарласып, алдын ала жазылуға болады. Өйткені, мұражай интерактивті форматта болғандықтан жүйені толық іске қосу белгілі бір уақытты алатынын қаперіңізге береміз. **Е**

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш.Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі

мекен-жайға жолдай аласыздар:

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmgp.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgp.kz

А.Хаменова – 8 (7122) 99-34-80; 21-353

A.Khamenova@emg.kmgp.kz

Редакциялық кеңес:

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ - «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы;

Айболат ГАБДҰЛЛИН - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Қайрат ӘДІЛБЕКОВ - Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары;

Сәлімжан НАҚПАЕВ - Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

Бауыржан БАЛЖАНОВ - Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары;

Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры; Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

Баспахана: «Print House Gerona» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3, Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі